



Алхан Бóкеіхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓǴAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 12 (7954) 29 наурыз, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru

*Ақорда

«Адал адам - Адал табыс - Адал еңбек»

бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Мемлекет басшысы, ең алдымен, биылғы Құрылтай отырысы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен және Ораза айымен орайлас келгенін айта келіп, үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес екенін атап өтті.



– Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген.

Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады.

– Алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті, Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып

жататын болды. Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне іріткі салатын мұндай дау-дамайдың еш қажеті жоқ. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Олар, яғни, сол заманның қайраткерлері бір кездері ұстанған бағытына бола дауласса, ендігі ұрпақ кімнің ісі дұрыс, кімдікі бұрыс деп даурығып жүр. Жалпы бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, мұның бәрі – біздің тарихымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы ағартушылық деп санайды. Бұған қоса, кітапхана ісін өркендетуге бей-жай қарауға болмайтынын атап өтіп, көп ұзамай Алматы мен Астанада тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапханалар

(Жалғасы 2-бетте).

Жер жаһанды сері самалға өпкізіп, жұрттың аузын аққа жеткізіп, жеті қат жер астына дейін балқытып жеткен өз Наурыз мерекесін елордамыз Астана қаласында тұратын ақтоғайлықтар өзіндік сән-салтанатымен қарсы алды. Дархандығы даласымен, асқарлығы дастарханымен өлшенген,

–Күн мен түн теңеліп, Жер-Ана жаңа күйге еніп, тіршілік атаулы оянып, айнала мәре-сәре болатын Ұлыстың ұлы күні – жыл бастауы өз-Наурыз баршаңызға құтты болсын. Қазіргі таңда Наурыз мейрамын тойлаудың басты мақсаты



Елорда төріндегі ұлыстың ұлы тойы



ақтоғайлықтардың кеңпейілмен жайылған дастарханынан астаналықтар дәм татты.

Ұлыстың ұлы күніне орай «Бөйтерек» монументі жанында Қызыларай, Шабанбай би, Сарытерек және Қарабұлақ ауылы азаматтарының ұйымдастыруымен тігілген ақ боз үйлерден қазақы дархандықтың лебі есіп тұрды. Киіз үй маңында қазан-қазан палау пісіріліп, наурыз көже мен ежелер мектебінен өткен жас келіндер пісірген бауырсақ ыстық шаймен мерекелік шараға келген меймандарға ұсынылды. Алтыбақан маңында да думан қызып, спорттық жарыстар өтті. Сом білекті жігіттер кір тасын көтеріп, қол күрестіріп, өзара иын мықтыны анықтады. Бас қалаға арқадан арнайы келген аудандық «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі халықты мерекелік концертпен құттықтады.

Астана төрінде өткен ұлыстың ұлы тойына аудан әкімі Руслан Кенжебеков арнайы қатысып, жерлестерді ұлық мерекемен құттықтады.

– қоғамды біріктіру, қазақ халқының ұлттық бірегейлігі мен мәдени ерекшелігін сақтау және насихаттау. осынау жаңару мен жасампаздықтың мерекесі - өз-Наурыз елімізге тыныштық, жерімізге моштылық, әрбір отбасына бақ-береке, ырыс-құт әкелсін, - деп сөз сабақтаған оңір басшысы атаулы күні тағылымды бастама көтерген ауыл азамттарына алғысын жеткізді.

Сондай-ақ, мерекенің ресми ашылу рәсіміне қатысқан мемлекет және қоғам қайраткерлері Қайырбек Садуақасов, Әлихан Байменов, Ғалым Жайлыбай, Мұқаметқали Баймұқановтар жылы лебіздерін білдірді.

Иә, туган жер – әр адамның түп қазығы, рухының бесігі. Ауыл – тамыры тереңге жайылған қазақы дәстүріміздің қаймағы бұзылмаған ордасы. Қашанда айрандай ұйып, берекелі бірлікті бекем сақтаған ақтоғайлық арда азаматтар сол алтын орданың қадір мен қасиетін игі амалымен тағы бір мәрте аспандатты.

Думан ҚАБЫЛ.



«Адал адам - Адал табыс - Адал еңбек»

бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар

бой көтеретінін жеткізді.

Мемлекет басшысы болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет деп санайды. Оның пікірінше, Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған.

– Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұлан-ғайыр аумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлы даланы мекен еткен халықтардың сан ғасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық ұлыс мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында. Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Бүгінгі жиынымыз да осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр.

Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүрінде айрықша орын алады. Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның жеті томнан тұратын

жаңа академиялық тарихын жазу жұмыстары жүйелі жүріп жатқанын хабарлады. Бұл іске 250 ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман атсалысып жатыр. Аталған еңбектің дербес бір томы Жошы ұлысына арналмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланғанын еске салып, еліміздегі қайталанбас табиғи және тарихи ескерткіштерді кеңінен дәріптеуге шақырды. Бұл ретте Президент жерасты мешіттерін және тылсым табиғатымен шетелдіктердің ерекше қызығушылығын туғызған Үстірт қорығын ЮНЕСКОның Дүниежүзілік мұралар тізбесіне енгізу жөнінде тапсырма берді.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы Ешкіөлмес жотасындағы, Арпаөзен, Құлжабасы, Сауысқандық сайларындағы дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресі саналатын таңбалы тастарды (петроглифтерді) қорғауға алу үшін тиісті шаралар қабылдауды, сондай-ақ жалпы тарихи-мәдени мұрамызды сақтау үшін археологиялық қызметті жүйелеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне айрықша тоқталды.

Президенттің пікірінше, еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, дәстүрлі дініміз – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет. Бұл

орайда Мемлекет басшысы Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге айрықша назар аударған жөн деп санайды.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде қоғамды жайлаған бес кеселмен, атап айтқанда, есірткі саудасы және нашакорлықпен, лудоманиямен, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және агрессиямен, вандализммен, ысырапшылдықпен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырды.

Сонымен қатар Президент ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керек. Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды. Сонымен бірге бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр.

– Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам.

Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық құрылтайда жұртшылық атынан Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршин, қоғам қайраткері Оразалы Сәбден, Парламент Сенатының депутаты, «Возрождение» қазақстандық немістер бірлестігі қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Евгений Больгерт, адвокат, «Күқык қорғаушылар» қоғамдық қорының тең құрылтайшысы Айман Омарова, Парламент Мәжілісінің депутаты Никита Шаталов, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайда айтылған жаңа идеялар мен ұсыныстар мұқият қаралып, нақты шаралар қолға алынатынын жеткізді. Сонымен қатар Ұлттық Құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Көкшетауда өткізуді ұсынды.

akorda.kz

*Пікір

Ел ішінде заң мен тәртіп қатаң сақталады

Күні кенше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында үшінші рет Ұлттық құрылтай өтті. Келелі жиында қоғамдық бірігуді дамыту, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мен енгізу, жұртшылық, саяси партиялар, үкіметтік емес сектор және мемлекеттік органдар өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету секілді міндеттері қойылды. «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» және «Әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму» тақырыптары бойынша секциялар жұмыс жасады. Осы әрбір аталған секциялар жалпы прогресс пен қауымдастықтың бірігуіне ықпал ететін маңызды салаларды қамтиды.

– Біз мықты демократиялық институттары және дамыған құқықтық жүйесі бар Әділетті мемлекет құрамыз. Ел ішінде заң мен тәртіп қатаң сақталады. Бұл – саясатымыздың тұғырлы қағидаты. Біз баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастырамыз. Адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлесін қосады, – Президент.

Мемлекет басшысы елдің әлауқатын арттыратын, ашық әрі дамыған экономика құру жолында қазіргі қоғамда белен алған жемқорлыққа қарсы күрестің жалғасатынын айтты.

Бүгінде әлемдік деңгейдегі мәселе бойынша негізгі талқылаулар волонтерлік қызмет, адам құқықтарын қорғау және белсенді

азаматтық ұстанымның маңыздылығын қамтып отыр. Мәдениет, өнер және руханият мәселелері ұлттық мәдени мұра, көркемдік көрініс және рухани дәстүрлерді сақтау мен дамытуды көздейтіні анық. Бұл тұста өнердің қоғамдағы рөлі, мәдени дипломатия, дәстүрлі колөнер мен тәжірибені сақтау және мәдени аралуандылықты ұлтты біріктіру көзі ретінде насихаттау маңызды деп ойлаймыз. Осы орайда Президент алға қойып отырған мәдени құндылықтарға жаңаша көзқарас, оның ішінде кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, салт-дәстүрімізге деген құрметті орнықтыру сияқты ойлары халық ішінде қолдау табары анық.

– Бізге және ұрпағымызға ешкім сырт-тан келіп жарқын болашақты жасап бермейді. Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды берік ұстана отырып, даму көкжиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Келелі жиын барысында жұмыс жасаған әр секция ұлт алдында тұрған негізгі міндеттер мен мүмкіндіктерді шешуде маңызды рөл атқарады және Ұлттық құрылтай барысында жалғасқан диалог пен ұсыныстар әлеуметтік бірлік пен ұлттық прогреске жәрдемдесетін саяси қимылдар мен бастамаларды дамытуға көмектесе алады деп ойлаймыз.

Т.Таукеев,

«Аманат» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының төрағасы.

*Мемлекеттік қызмет

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа

Мемлекеттік қызметшінің әдебі – қоғам айнасы

қызметшінің жеке мінезқұлық мәселесі және бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық, адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда 27 наурыз күні Ақтоғай ауданы бойынша әдеп жөніндегі уәкілі Б.Әмірғасым, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы Д.Абаеваның қатысуымен Ақтоғай ауданының бөлім басшылары және аудан әкімі аппаратының қызметкерлері арасында мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі талаптарын және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, ойын мекемесіне барудан тартыну, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жұмыс уақытын тиімді пайдалану бойынша түсіндірме семинар кеңес өткізілді.

– «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» дейді Алаш арысы Әлихан Бөкейхан. Қандай болғанда да, мемлекеттік қызметші әдеп нормаларын сақтауға қалыптасуы, Әдеп кодексін оқып, өзін-өзі үйретуі, өзгеден үйренуі және өзгені үйретуі керек. Осы ретте, түсіндірме семинарлардың пайдасы бар. Бұл ұжым арасындағы өзара қызметтік ынтымақтастықты нығайтуға, қарымқатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және ұжымды қызмет барысында ортақ мақсаттарға жетуге біріктіреді дейді, – семинарды ұйымдастырушылар.

Өз тілшімізден.

Қ.Сәтбаев ашқан тау-кен қазба байлықтары

1926 жылы Қ.И.Сәтбаев Атбасар түсті металл серіктестігіне келгеннен бастап, көп жылдар бойы Жезқазған, Қарсақбай, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын зерттеді. Сол зерттеудің нәтижесінде Жезқазғанның байлығын анықтап, көптеген кен орындарын ашады. Түсті металл кендері, марга-

зерттеулердің дамуына айрықша мән беріп, бұл салаларда да ғылыми институттар ашуды ұйымдастырды. Солардың ішінде геологиялық ғылыми-зерттеу институты жетекші болып танылды. Ғылымды өндіріспен байланыстыру мақсатымен еліміздің ірі өндірістік орталықтары – Өскеменде, Қарағандыда, Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы

1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы лениндік сыйлық алды.


Қ.И.Сәтбаев – 641 еңбектің авторы, оның 534-і орыс тілінде, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның минералдық қоры,

де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі" - дейді М. Әуезов.

Қаныш Сәтбаевтың алғашқы әдеби туындысы – 1923 жылы "Қазақ тілі" газетіне шыққан "Обаған" өні туралы ғалымның тырнақалды шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында өн салған әйелдің мұнды

Қазақ Ғылым академиясының тұңғыш президенті

нец, силикат, құрылыс, басқа да өндіріс кендері ашылды, көмір орны анықталды, қалың қатпар қорғасын, жез, күміс табылды. Қара темір, алтын мен молибденді ашты. Қаныш Сәтбаев ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар дегуе болады. Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымай, сол жерде қорытатын заводтар құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Ұлы Жезқазған, Ұлы Алтай өндіріс орындары, Қарағандыдағы темір балқытатын заводы, Қарағанды-Ертіс каналы, Қаратау фосфориті салынды. Осы арқылы Қазақстанның өндіріс шаруашылығын өркендетуге күш салды.



Биыл ғалым, геолог, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Ол – Қазақстан ғылымындағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, геологиялық ғылымдар институтын құрушы.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1911 жылы ауыл мектебінде бастауыш білім алып, Павлодардың орысша-қазақша училищесіне түседі, ал 1914 жылы Семейдің мұғалімдік семинариясында оқиды. Оны бітірген соң, ауылында мұғалім және халық соты болып бірнеше жыл қызмет атқарады. 1921 жылы Томск технологиялық институтының геология ғылымдарының профессоры М.А. Усовпен кездесуі өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Қазақстан жер қойнауының байлықтары, жердің құрылысы туралы М.А. Усовпен болған әңгімеден кейін геолог болуды мақсат етеді. Сол жылы Томск технология институтының тау-кен факультетінің геология барлау бөліміне оқуға түседі. Бес жылдан соң оқуды бітіріп, тау-кен инженері-геолог мамандығын алады. Жас маман Жезоазған мыс кен орнын және Қарсақбай мыс заводын біріктіретін "Атбасцветмет" тресіне жұмысқа жіберіледі.

Қазақ Ғылым академиясының тұңғыш президенті

1946 жылы I маусымда Қазақстан Ғылым Академиясы ашылды, оның тұңғыш президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды. Сол жылы ол СССР Ғылым академиясының академигі атағына ие болды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы өндірістік орындармен творчестволық байланысты нығайту үшін академияның кезекті сессияларын Алтай, Орталық Қазақстан, Қостанай, т.б. республиканың өндірістік орталықтарында өткізді.

1951 жылы "ұлтшыл" деген жаламен Қ.И.Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатылды. 1955 жылы Қ.И.Сәтбаев қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып қайта тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді. Қазақстан Ғылым Академиясының жұмысын дамыта түсті. Көптеген салалы ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Қаныш Имантайұлы физика-математика ғылымдарының, әсіресе ядролық физиканың дамуына жоғары мән берді. Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Сонымен бірге Қазақ ССР Ғылым Академиясында биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары зоология мен паразитология, адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығы хайуанаттары, микробиология, вирусология, ботаника, физиология, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларындағы ғылыми-

институттарын ашуды ұйымдастырды.

Қ.И.Сәтбаев – ғұлама ғалым, ғылыми еңбектері

Академик Қ.И. Сәтбаев – энциклопедиялық білімі бар ХХ ғасырдың ғұламасы. Ол өз заманының сан алуан салалар мен тарауларға бөлініп, жоғары дамыған ғылымының бәрінен хабардар болды. Әр ғылым саласының заңдары мен байлығын ашып, халық игілігіне пайдалануға қалтқысыз еңбек етті.

Қ.И.Сәтбаев – жаңашыл ғалым. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды. 1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Орталық Қазақстан бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. 1954 жылы жұмыс макеттері және жүйеленген металлогениялық болжам карталары жасалынады.

мыс рудалары, түсті металдары, көмір, мұнай, газ, басқа да шикізат ресурстары жайында болды.

Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері Маңғыстау қоры, Ембі мұнайы, Ақтөбе даласындағы газдың мол қоры жатқандығын анықтады. Қазақстанның таяу арада газ, мұнай өндіру жөнінен алдыңғы қатарға шығатынын айтқан ғалымның зерттеулері қазіргі кезде іс жүзіне асқанын білеміз.

Қ.И.Сәтбаев – әдебиетші, тарихшы, этнограф

Қ.И.Сәтбаев өзінің мамандығымен бірге әдебиет пен өнерді, тарихты меңгерген. Бұл ғалымдарды рухани жан дүниесін байытумен бірге кен зерттеу ісіне де пайдаланған. Қаныш Сәтбаевтың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов "Қазақ халқының зор ғалымы" атты мақаласында жазды.

"Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен

даусын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтаңбасы зор болғанын анық байқатады.

Қазақ әдебиетін, қазақ әндерін терең білетіндігі "Қазақстанның ұлт театры туралы" атты 1927 жылы жазған мақаласынан айқын көруге болады.

Қазақ мәдениетінің сарқылмас мол қазына екендігін Қаныш Сәтбаев "Ән туралы толғаулар", "Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті туындысы", "Қазақстанның халық әндері" атты музыка-этнографиялық жинағында жазған ой тұжырымдарынан білуге болады.

Қазақтың тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін түсінген ғалым Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан Тарих, Тіл және Әдебиет институтын ашқызады.

Қ.Сәтбаев өмірінің көлеңкелі беттері

1951 жылдың күзінде "Буржуазиялық ұлтшылдармен" күрес басталып, қазақтың зиялылары қудалауға ұшырады. М. Әуезов, А. Жұбанов, Қ. Сәтбаевқа "ұлтшыл" деген жала жабылып, жұмыстан босатылды.

Қаныш Сәтбаевты үш мәселе бойынша кінәлі деп айыптады:

1. Партияға өтерде Сәтбаев әлеуметтік тегін жасырды.
2. 1927 жылы "Алашорда" ұлтшылдық партиясының үгітшісі болды.
3. 1927 жылы Едіге туралы буржуазиялық аңызды редакциялап, алғы-сөзін жазып, шығарманың басылып шығуын қолдады деп айыпталды.

Сондай-ақ Ғылым академиясының кадрлары арасына жат элементтерді жинақтаған "ұлтшылдарды қанатына алушы" деп кінәланды.

Қ.И. Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтар күні Сталинге "Жазықсыз кінәлі болғаным ба?" деген хат жолдайды. Бұл хатта Қаныш Сәтбаев өзінің саналы өмірінің 15 жылын геолог қызметінде болып, 11 жылға жуық Қазақстан ғылымының жетекшісі болғанын айта келіп, жоғары мәселе бойынша объективті түрде анықтама-түсінік беріп, таза да адал еңбегін ескеріп, әділетсіз айып пен партиялық жаза алынып тасталады деген үмітпен ойын жеткізеді.

Қ.И. Сәтбаев бұл қаралаудан тек 1955 жылы ғана ақталып, қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып тағайындалды. Қаныш Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды.

(Материал ғаламтордан алынды).

Әз-Наурыз – татулық пен бірліктің көрінісі

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта тұлғайтын мерейлі мереке. Наурыз – адамдардың қыс қыспағынан шығып, мал төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі.

Әз Наурыздың тарихы тереңде. Бес мың жылдан бері Ұлы дала төсінде ізгіліктің шұғыласын шашып, табиғатпен үндесе мерекеленіп келе жатқан Ұлыстың ұлы күнінің тарихы қандай бай болса, маңызы мен мазмұны да теңдессіз.

Наурызда аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеледі. Бұл күнді еліміздің батыс өңірі Амаз, Көрісу мерекесі деп атаса, оңтүстік өлке «Самарқанның көк тасы еріген күні» деп ерекше әспеттейді. Ал Шығыс және Орталық Қазақстан аймағын қоныстанған халық арасында айтулы мейрам Отамалы деген атауға ие. Бірақ әр аймақ түрлі атау бергенімен, Наурыздың бар қазақ үшін мұраты бір – ол бауырмалдық пен ауызбіршілік.

Наурыз – әрбір шаңыраққа шыраққа шырақ жаағылып, «Қызыр түнін» күтіп, жақсылық құт-береке тілеп, ертеңгі күнге зор үмітпен қарайтын сенім мерекесі. Наурыз – жеті дәмнен наурызкөже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастарқан басында бірге отыратын ынтымақбірлік мерекесі. Наурыз – жыл бойы өткен-кеткен ренішті кешіріп, ән мен күй, ойын-сауықпен жанды жадыратып, сананы серпілтетін көңіл мерекесі. Қадірменді жерлестер, ұлық мейрам құтты болсын.

Айша Жаңдаулетқызы Медиева, Сарышаған мектеп-интернаты КММ бастауыш сынып мұғалімі



Құт құйып ауыл-қалама,

Өткен апта аудан орталығындағы «Алаш» алаңы мерекелік думанның ордасына айналды. Ақтоғай аспанын қазақы рух кернеп, әсем ән қалықтап, әуезді күй күмбірледі. Сөйтіп, дархан дала төсіндегі Ақтоғай елі Ұлыстың ұлы күнін ерекше сәнсалтанатымен қарсы алды.

«Наурыз айы туғанда, Той болушы еді бұл маңда. Сақталушы еді сыбаға, Сапарға кеткен ұлдарға», – деп муза ақыны Мұқағали Мақатаев жырлаған осы өлең жолдары әлі күнге

Биылғы жылы Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды

Наурыз той» атты мереке өтті. Биылғы Наурыз мерекесін тойлау – Мемлекет басшысы айтқандай, тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтасқан күні болды. Демек, осы күні әр қазақстандықтың, әр ақтоғайлықтың жүрегінде бабалардан мирас болып, қанға сіңген, бүгінде тамырда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттер қайта түледі. Мереке ұлттық салт - дәстүріміздің құндылықтарын жақсылықтармен ас-

Береке дарын, Құт қонған күн

өміршендігін жоймай келеді. Орта Азия еліне ортақ Наурыз мерекесін қазақ халқы жыл сайын сән-салтанатымен жоғары деңгейде қарсы алады.



Жалпы, өз Наурыз мерекесі – көне дәуір күмбіріндей дәстүрлер дәріптеліп, құндылықтар ұлықталатын сәт. Бұл күндері аналар жеті түрлі дәмнен наурызкөже пісіріп, адамзат

ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін» деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы ерекше мән берген Ұлу жылындағы Ұлыстың ұлы күні елімізде жаңаша бастау алды. Осыған байланысты арнайы



тұжырымдама қабылданып, әр күнге атау берілді. Көрісу күнімен басталған мизам шуақты мерекені жұртшылық – «Қайырымдылық», «Ұлттық салт-дәстүр күні», «Шаңырақ», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні» секілді

тастыра білген, бақыттың хабаршысы жақсылықтың жаршысы Наурыз тойында көш бастап келе жатқан «Ұлы көш» шеруімен басталды. Құмай тазы ерткен, ұлттық ат спортының тарландары керуенді бастаса, соңынан қазақтың ұлттық киімдерін киіп, сәні

мен салтанаты жарасқан әншілер мен күйшілер ақтоғайлықтарға мерекенің басталғанынан хабар беріп, көктемгі көңіл күй сыйлады. Керуен Әлихан Бөкейхан көшесін бойлай жүріп, ақшаңқан шатырлар мен ақ боз үйлер тігілген Алаш алаңына ат басын тіреді. Орталық алаңға қатар-қатар сап түзей тігілген ақбоз үйлер көрер көзге әдемі-ақ. Ұлттық нақышта безендірілген киіз үйлерде ұлттық құндылықтарымыз кенінен көрініс тапты. Ертеден жетіп, бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан текемет, түскііз, сырмақтар, кебежелер мен киіз үйлерді көріктендірсе, рухани байлығымыз – құнды кітаптардан көрмелер ұйымдастырылды. Қазыналы аймақта кездесетін аң-құстардың экспонаттары мен талантты оқушылардың колөнер туындылары кенінен насихатталды. Әрбір мекеме өзіне тиесілі жерде қазан көтерді. Алыстан ат арытып келген қонағына адал асын ұсынатын игі дәстүрді ақтоғайлықтар берік ұстанды. Құрт пен ірімшік, шөпкек, бауырсақ, түрлі тәттілер, ас атасы – нан тағамдарының неше түрі, наурыз-көженің молдығы дайындаған адамдардың шынайы ықыласы екендігін көрсетті.

Мереке аудандық мәдениет үйі өнерпаздары, ардагерлер ансамблі, «Өнер» мектебі, К.Байсейітова және



баласы бір-біріне мейірімділік танытатын болған. Халық бұл күнде жетім-жесір мен жоқ-жітіктерге қол ұшын беріп, олардың ұлы күнге сай шатшадыман, көңілді жүруін қамтамасыз етуге жағдай жасаған. Самарқанның көк тасы еріген күні – қазақ даласы үшін құт-берекенің басы.

атауларға сай мерекеледі. Осынау Ұлыстың ұлы күнін Ақтоғай жұртшылығы да айрықша атап өтті. Көнеден жеткен төл мереке күні мұқым елдің мейманасы тасып, ән-жырдан шашу шашып, көпшілік наурыз көжеден дәм татты. Әз Наурыз күні орталық аланда «Мерекелі берекелі

Ұлыс күн, төрлет далама



Ә.Бөкейхан атындағы мектептерінің қазақтың ұлттық құндылықтары насихатталған көріністермен басталды. Сал-серілер думан құрып, жыршылар шаттық көңілкүйді өлеңмен өрнектеді.



жұрттың жүздерінде қуаныш, көңілдері көтеріңкі. Наурыз мейрамының қаншалықты маңызды әрі мәнді



сайыс қызығын тамашалаумен болды. Батыр елдің жүректі де білекті, баһадүр ұлдары қазақ күресінен

Желмаясына мініп, Арқаның алтын алқасы Ақтоғайға да жеткен Қыдыр ата бейнесі тарихы тереңнен тамыр тартатын мерекенің маңызын айшықтай түсті.

Мерекеге жиналған жұртты аудан әкімі Руслан Кенжебеков келген жыл басымен құттықтап, жаңа жыл татулық пен бірліктің, ынтымақ пен ырыс-берекенің жылы болсын деген тілегін жеткізді.

– Наурыз – ұлы даланың ұлықмейрамы. Көнеден келе жатқан мағынасы мәнді, тағылымы терең мереке. Бұл күн – бүгінге дейін дәстүрлі сипат алып, халықтың ақжарма тілек айтып қарсы алатын торқалы тойы. Ұлыстың ұлы күні – ұлт болып ұйысып, болашаққа бағдар құратын сәт. Ақтоғай өңірі желкенді жетістіктер мен тағылымды табыстар ордасына айналды. Біз өткен жылды жемісті қорытындыладық, зор жетістіктерге қол жеткіздік.



сайысқа түсті. Енді бір тобы арқан тартысып, көпшіліктің күшін көрсетіп, кір тасын көтерді. Соңғы жылдары дәстүрге айналған мерекенің шырайын келтірген тағы бір сайыс «қой көтеру» болды. Сондай-ақ, ақтоғайлық ұландар қол қарымын да сынға салды бұл жерде.

Спорттық сайыстардың нәтижесіне тоқталсақ қазақ күресі бойынша 60 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Айдын Қозыұлы жүлделі I орынды жеңіп алса, жүлделі екінші, үшінші орындарды Нұрдос Ақылбекұлы мен Ерболат Жеңіс өзара бөлісті. 70 келі салмақта белдескен Нұрбол Амангелді I орын, Арнұр Көмекбай II орын, Әлібек Оспанқұл III орынды иеленді. Ал, арқан тартыстан Жосалы командасы жеңімпаз болып танылды. Қол күрестен Бақтияр Қуанышбек I орынды еншіледі. Әділ Шекен II орынды қанжығаласа, Мендос Көмірбай III орынға табан тіреді.



Жақсылықтың жаршысы болған биылғы жылды толайым табыстармен бастадық.

Аудан жұртшылығы қашанда жарқын болашақ жолында байыпты қадамдарымен қарқынды дами бермек. Өз Наурызда тілеген игі ниеттеріңіз қабыл болсын. Еліміз тыныш, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, – деді аудан әкімі.

Думанды мерекені тамашалаған

екендігін айтқызбай-ақ аңғартады. Ұлттық тағам түрлері орын алған ақшаңқан шатырларға бас сұққан әлеумет «Жаңа жыл елімізге ырыс, молшылық әкелсін» деген ақ ниетпен наурыз-көжеден дәм татты.

Ұлы күнді ұлықтаған Ұлыстың мерекелік қызыққа қызу қосар тағы бір дәстүрлі шарасы, ол – спорттық жарыстар. Шуақты күні шадыман күйге бөленген жұрттың бір жартысы

Сөйтіп, ән әуелеп, күй күмбірлеп, көрермен көңілін сазды сикыр билеген тылсымды сәттер шараның мәртебесін биіктете түсті.

Наурыз думаны түс ауғанша толастаған жоқ. Қуанышты көңіл-күй, рухани ләззат сыйлаған бұл күнгі мерекеге жиналған қауым бір-біріне деген асқақ көңіл, ыстық пейіл, жылы лебізбен тарасты.

Думан Аманкелдіұлы.

Тарихтан тамыр тартқан мереке бұл

Тарихтан тамыр тартқан мереке бұл

Қыстан қалған қасат қармен қатар көңілдің де тоңы жібін, адамзат атаулының айрықша күтетін ұлық мейрамы бар, ол – Наурыз. Көктеммен бірге өміріне де шуақ, шапағат кіреді деп сенген халқымыз Наурыз мерекесін «Ұлыстың ұлы күні», «Әз Наурыз» деп айрықша әспеттеген. Сондықтан болса керек, қазақта Наурыз бір күн емес, тұтас ай бойы тойланады. 14 наурыз – Амал, Көрісу күнінен басталған мейірім мейрамы айдың соңына дейін жалғасады. Әр сәтіне мағына сыйдырған көшпелі халықтың көнеден жеткен төл мерекесінің тұтас ұлттың ұстынын айқындаудағы мәні де, маңызы да зор.

Иә, тағдырын Табиғат-анамен тамырластырған халқымыз үшін Наурыз – жыл басы, жаңару мейрамы. Наурыз айы туғанда табиғатпен бірге адам жанының да ерекше түлеп, жасарып, жаңарып, жан әлемі жақсылық пен мейірімге шөліккеп, амал айында айналасына көңіл жылуын сыйлауға айрықша құмартамыны жаратылыстың өз заңдылығы болар.

22 наурыз – жылдың алғашқы күні. Түптеп келгенде, біздің нағыз Жаңа жылымыз осы Наурыз мерекесі. Бұл халқымыздың тәуелсіздігіміздің ең негізгі тамырының бірі болып саналады.

Енді міне, тағы бір жыл тарих қойнауына еніп, жаңа жыл табалдырығымыздан аттайды. Келіп жеткен жаңа ұлу жылы құтты, берекелі болсын!

Шнар Абиқеновна Исабекова,
КМҚК «Айгөлек»,
бөбекжайының тәрбиешісі,
Сарышаған кенті.



Батыс Түрік қағандығы

Батыс Түрік қағандығының іргесін қалаған жоғарғы қаған – Бумынның інісі Истеми (Естеми, Естемі) жабғу қаған болды. Истеми 552-553 жылдардан бастап батысқа жорық жасаған түрік әскерлерінің қолбасшысы еді. Ол осы жорығында Жоңғария мен Жетісу өңіріндегі және Сырдария алқабындағы түркі тілдес тайпалар мен ұлыстарды өзіне бағындырды. 558 жылы түріктер аварларды жеңіп, Еділ алабы мен Орал маңындағы бұлғар (болғар) мен өзге де түрік тайпаларын құрамына енгізді. 561-563 жылдары Истеми (Естеми) Эфталит мемлекетін (Ақ ғұндар) басып алуға дайындала бастады. Алайда, бір шеті Каспий теңізіне, екінші шеті Солтүстік Үнді ойпатына дейінгі Орта Азияда ұланғайыр жерді алып жатқан эфталиттерді оңай жеңе алмайтынын түсінген Түрік қағаны Иран шахы Хусрау I Ануширванмен одақ құрып, әулетін туыстықпен байланыстырады (Истемидің қызын Хусрауға ұзатты). Түрік қағанымен жасалған келісім бойынша Хусрау I шах өзінің әскерлерін Тохарыстанға аттандырып, оны 564 жылы эфталиттерден тартып алады. Сөйтіп, эфталиттер берік тылдан айырылады. Мұның өзі Истемиге 567 жылы Эфталит патшалығын талқандауға мүмкіндік береді. (Б.Жұмақаева. Қазақстан тарихы. А., 2010.37.б.). 567 жылы түріктер Сырдария мен Амударияның аралығына толық билік жүргізді. Түріктер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізі елдеріндегі «Жібек жолына» дербес бақылау жасады. Кейбір деректерде осы жорықта Истемидің 100 мың қол басқарғаны және оның қол астында Батыс Түрік тайпаларының он қолбасшысы (олар «он оқ» деп аталған) болғандығы айтылады. Сол жорықтың белгісі ретінде Истемиді он тайпаның қағаны («он оқ будун» қағаны) деп атаған. Истемидің эфталиттерді күйретіп, батыс өңірдегі елдерді бағындыруы Батыс Түрік қағандығының негізін қалады.

Батыс Түрік қағандығының территориясы: Алтай тауынан Тянь-Шань тауына дейін, шығыста Баркөлен бастап Батыста Арал теңізі мен Каспий теңізіне дейін созылған кең алқапты алып жатты. Осы ұлан-байтақ территорияны мекендеген түркі тілдес тайпалар: үйсін, қаңлы, дулат, түркеш, теле, басмыл, қыпшақ, оғыз, баһа (жайма) тағы басқа тайпалар Батыс Түрік қағандығының құрамына қосылды. Қағандық құрамына әр кезеңде қарлұқтар, Енисей қырғыздары, жікілдер (шығылдар), чомулдар, тухсилер тағы басқа тайпалар енді. Оның бас ордасы Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласында (көзіргі Токмақ қаласының маңы), жазғы ордасы Мыңбұлақта (көзіргі Түркістанның маңы) болды. Жегу – ябғу қаған (610-618), Тон-Ябғу қаған (618- 630) билік құрған кездерде қағандық қуатты елге айналды. Тохарыстан мен Кансуға (көзіргі Ауғанстан) жасалған жорықтарда қағандық шекарасы Үндістанға дейін созылды. Тон-Ябғу қағанының баласы Тырду – Шадтың ордасы Құндыздыда болды (С.Кляшторный).

Қағандықтың негізгі күші басқару жүйесі мен армиясы болды. Түркілер металл өндіруден жалпы әлемдік тарих сахнасына шықты (Қ.Аманжолов, А.Тасболатов). Қағандықтың ең жоғарғы билеушісі – қаған деп

Ұлы Түрік қағандығы (552- 603) ыдырап, оның екіге бөлінуі нәтижесінде пайда болған ерте ортағасырлық түркілер мемлекетінің бірі – Батыс Түрік қағандығы (603- 704). Ұлы Түрік қағандығында саяси-әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, оның дербестікке ұмтылған жеке бөліктерінде оқшалану үрдісінің күшеюі Шығыс және Батыс қағандықтардың құрылуына алып келді (603). Жылнамашылардың жазбаларында Батыс Түрік қағандығы негізінен бұрынғы үйсін жерлерінде құрылған, демек, оның аумағы ендік бағытта Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жерді алып жатты. Қағанаттың негізгі этникалық-саяси ұйымқысы – «он тайпа» он оқ будунның мекендеген жері де осы еді. Сонымен қатар, ол Түрік қағанатының Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы (Самарқанд, Маймурғ, Кеш, Нахшеб, Иштихан, Кушания, Бұхара, Амұль және Андхой) отырықшы-егінішілік жұрттарындағы басып алған барлық жерлерінің мұрагері болды. Батыс түріктеріне тәуелді деген аты ғана болған Согды мен Бұхарада да қағанның наместниктері, яғни, оның өкілдері болды (Қазақстан тарихы. I том. А., 1996.300.б.).



аталды. Ол бүкіл елдің иесі, елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғарғы қолбасшысы болды. Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар – жабғу, ұлық, шад және елтебер – қаған әулетіне ғана тән атақ еді. Қағанның мирасқорлары, тудундар алым-салық жинауды, оны қаған ордасына жіберуді бақылап отырды. Сот қызметін бұйрық берушілер, тархандар жүргізді. Орданы басқаратын лауазым «үй қағаны», азық-түлікті басқаратын лауазым «ет жөні» деген атпен әйгілі болды. Батыс Түрік қағандығын түріктің Ашина тайпасынан шыққан ақсүйектер биледі. Қағаннан төменгі жабғу, ұлық, шад, елтебер сияқты жоғарғы лауазымдарға қағанның балалары мен туыстары тағайындалды. Олар қағандыққа қарасты тайпаларды билеп төстеді және өз үлестеріне тиісті әскерлерге қолбасшылық етті. Жергілікті иелік басшыларына түрік лауазымдары берілді. Батыс Түрік қағандығында мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі қағаннан бастап, жиырма сегіз дәрежелі лауазым иелері болған, олардың барлығы феодалданып келе жатқан шонжарлар еді (Н.Мыңжан) 7 ғасырдың бас кезінде Батыс Түрік қағаны Тон-ябғу ордасында болған будданы насихаттаушы, Қазақстанда болып, оның көркін, назар аударарлық жайларын суреттеген қытай саяхатшысы Сюань-Цзяньның жазғандары қаған руының байлығы туралы біраз ұғым береді. Қағанды аң аулап жүрген жерінде кездестірген саяхатшы аңшылар киімдерінің сәнділігіне таң-тамаша қалады. «Қаған

жасып жібек желбегей киген» – дейді ол. – Оның қасына ерген екі жүзден асқан тарханы бар, олар қамқа желбегейлер киген, шаштарын бұрымдап өрген. Басқа сарбаздары аң терісінен тігілген ішік киген, бөріктері жұмсақ матадан тігілген, қолдарында айбалта, садақ, ту ұстаған. Аттары өңшең сәйгүлік, түйе, ат мінген адамдардың көптігіне көз сүрінеді (Зуев Ю.А. Китайские известия о Суябе. 1960.88.б.). Одан әрі қағанның киіз үйі туралы айтқанда, оның алтын мен сәндікпені соншалық тіпті, «көз қаратпайды» дейді ол.

Көшпелі түрік халқы 10 әскери – әкімшілік бөлікке («окка») біріктірілді. Әрбір бөлік қолбасшысымен (шат), бір түмен (10 мың) атты әскер шығарды. 10 бөлік бес-бестен территориялық бірлестікке топтастырылды. Суябтан шығысқа қарай Дулудың (Дулаттың) бес бөлігінің жері, батысқа қарай Нушибидің бес бөлігінің жері алып жатты (Қазақ ССР. қысқаша энциклопедия. I том. 90. б.). Жетісу аймағында әскери-тайпалық ұйымдарды ондық санмен атау ежелгі үйсіндер кезінен немесе б.з.б III ғасырдан бастап әдетке айналған. Қарапайым халық «қара бодун», ал, әлеуметтік құрылымның ең төменгі сатысының тәуелді тобы «тат» деп аталған. «Татсыз түрік болмас, бассыз бөрік болмас» деген көне мәтелге қарағанда, түрік шонжарлары қарамағында таттар саны аз болмаған тәрізді.

Батыс Түрік қағандығында үй жұмыстарына жұмсалатын құлдар да болған. Бұлар көбінесе соғыс тұтқындары еді. Батыс Түрік

қағандығындағы шаруашылықтың басым саласы көшпелі мал шаруашылығы еді, сонымен бірге, Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында, Алатаудың баурайында егіншілік алқаптары да болды. Олар көбіне тары мен бидай екті, халықтың бір бөлігі бақшашылықпен шұғылданып, жеміс-жидек, жүзім өсірді. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған тайпалар арасында патриархалдық қатынас үстем орында болды. Ал, отырықшы-егінші аудандарда феодалдық қатынас қалыптасты (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994.113.б.). Ұлы Жібек жолының Батыс Түрік қағандығын басып өтуі мұнда қалалық мәдениеттің өркендеуіне ықпал етті. Құлан, Нафакет, Суяб, Тараз, Меркі, Исфиджаб қалалары сауда, қолөнер орталықтары болды. Сюань Цзань 630 жылы Жетісу қалалары мен олардың тұрғындарының кәсібі туралы былай суреттейді: «Мөлдір көлден (Ыстық көл) солтүстік батысқа 500 лиден астам жүргеннен кейін Суй-е қаласына келдік... Онда әртүрлі елдер мен худан келген саудагерлер тұрады. Жерлері қызыл тары мен жүзімді егуге жарамды... Адамдар жүн матадан тоқылған киім киеді. Суй-е қаласынан тура батыста бір-біріне тәуелсіз, бірақ бәрі түріктерге бағынышты бастықтарға қарайтын он шақты қала бар.» (Қазақтар. I том. А., 2003.28 б.).

Түркілердің басты қатынас көлігі жылқы болды. Сондықтан олар ат әбзелдерінің жақсы жасалуына ерекше көңіл бөлген. Мал ұстауға арқан, көген, желі, бұйда, шылбыр, құрық сияқты құралдарды пайдаланған (С.Жолдасбайұлы.). Оның халқы Көк Төңірге, Ұмай Анаға, Жер Анаға, Су Анаға табынды.

Халқының құрамы алуан түрлі тайпалардан тұрған қағандықта 630 жылдардан бастап, билік үшін талас-тартыстар басталып, Батыс Түрік қағандығының екі тайпалар одағы-дулу мен нушиби арасындағы тайпалық соғысқа әкеліп соқты. Олар 634 жылы Сырдариядан батысқа қарай созылған – иеліктерінен айырылды. Бұл соғысты Ышбар Хилац қағанның (634-639) дулу мен нушибидің тайпалық аймақтарын «он жебеге» бөлген әкімшілік реформасы да тоқтата алмады (Қазақ Совет энциклопедиясы, I т., 232 б.). Батыс Түрік қағанатының әлсіреген жағдайын біржола пайдаланып қалуды ойлаған Қытай мемлекеті 659 жылы Жетісуға басып кіреді. Қағандық өзінің тәуелсіздігінен айырылды. Түріктердің Тан мемлекетінің (618-907 жж.) басқыншылығына қарсы жүргізген тынымсыз күресі барысында қағанат құрамында түргештер күшейіп, көтерілді. VII ғасырдың аяғында және VIII ғасырдың басында Түргеш тайпасының көсемі Үшліктің Тан империясына қарсы жүргізген соғыстары нәтижелі бола бастады. Ақыры 702 жылы Үшлік Қытайлармен күресте жеңіске жетеді. Бұл жеңіс Түргеш тайпасының беделін көтеріп, осылайша, 704 жылы Батыс Түрік қағандығы жерінде Түргеш қағандығы тарих сахнасына шықты.

Батыс Түрік қағандығын құраған тайпалар кейіннен қазақ халқының, өзге де түркі халықтарының құрамына енді, негізін қалады.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы.

***Табиғат – тал бесік**

Қар кетіп, жер құрғағаннан кейін өрт қаупі күшейеді. Әсіресе, жаз, күз айларында орман алқаптарын өрттен көздің қарашығындай сақтауға тура келеді.

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны

Орманды өрттен сақтайық

анықталған. Жекелеген тұрғындардың немесе басқада тұлғалардың бұл мәселеге үнемі жіті назар аудармағанынан да оқыс өрт жағдайлары туындайды. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстары ұдайы жүргізіліп тұруы тиіс.

Орман шаруашылығы мекемелерінің жұмысында өрт қауіпсіздігі – бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың сызбасы жасалады.

Бүгінде Ақтоғай орман шаруашылығының қызметкерлері де осы мәселеге барынша назар аударып, орман өртінің алдын алу шараларын іске асыруда. Ең алдымен өрт қауіпсіздігі турасында үгіт-насихат жұмыстары қолға алынған. Ауыл тұрғындары мен мектеп оқушыларына өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау туралы ескертіліп, оның алдын алу шаралары туралы айтылып келеді. Әрине, ормандардағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады. Әйтпесе орманның ішінде өрттің көзі жоқ деуге болады. Кейде ормандардың жануы найзағайдың әсерінен де болуы мүмкін. Бірақ ондай жағдайлар өте сирек кездеседі. Орман өртінің негізінен адамдар тұтандырады. Мәселен, сөндірілмеген шылым не сіріңке. Сондай-ақ, орманға тасталған тұтануға бейім майланған материалдар, орман ішінде болған саяхатшылар мен демалушылар немесе ауыл шаруашылығының жұмысшыларының кепкен шөп пен кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге алау жағуы, күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кету, орманда шаруашылық жұмыстарын жүргізу кезінде өрт шығаратын заттарды қолдану, т.б. болуы мүмкін. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

А.Жақсыбеков,

Тоқырауын орманшылығының орман шебері.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037)2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Жарамсыз деп танылсын

Қарағанды облысының ветеринария басқармасының «Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Сарытерек ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Спорт**

Жас балуан жеңіс тұғырында

Қазақ топырағы батылдығы мен батырлығы шебер үйлескен шымыр да қайратты ұлдарымен және жауырыны жерге тимеген балуандарымен танымал. Мұны нағыз ер жігітке лайық ұлттық ойындарымыздан да байқауға болады. Халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетімен біте қайнасқан қазақша күрес – ертеден келе жатқан спорттық ойындарының бірі. Сан ғасырлық тарихы бар төл өнерімізді дамыту – бүгінгі ұрпақтың мойнына жүктелген абыройлы міндет. Мұны Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің балуандары айқын сезініп, түрлі облыстық, республикалық жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп жүр.

Сөзіміздің айқын бір дәлелі таяуда Ақтау қаласында самбо күресінен 2008-2009 жылы туған кіші жасөспірім ұл, қыздар арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында аудан мерейі үстем болды. Бәсі жоғары байрақты бәсекеде аудан намысын қорғаған сарышағандық жас балуан Ерқанат Есенгелді бозкілемде белдескендерді тізе бүктіріп, чемпион атанды.

–Қарсыластарымды жеңу оңайға соққан жоқ. Осындай сынға дайындаған жаттықтырушым Хуанған Бертілек ағайыма айтар алғысым шексіз. Бапкерімнің үйреткен тәлімінің арқасында жеңіске жетіп, осындай ірі жарыстарда жеңіске жетіп жүрмін. Жалпы қандай іске болмасын, шын жүрекпен кірісіп, жақсы нәтижеге жетпейінше, аянбай тер төге беру керек деп есептеймін, – дейді жас спортшы.

Д.Бақышев.

Канафин Асхат Нұрымханұлы



Ақтоғай ауданының ардақты азаматы, полиция полковнигі, жерлесіміз Канафин Асхат Нұрымханұлы дүниеден өтті.

Асхат Нұрымханұлы 1962 жылы Ақтоғай ауданы, Қуаныш ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Қарағанды қаласындағы КСРО жоғары милиция мектебін бітірген. Алғаш еңбек жолын Ақтоғай аудандық ішкі істер бөлімінде тергеуші болып бастап, бөлім бастығының орынбасары, Қаражал қаласының ішкі істер бөлімінің бастығы, Нұра, Шет аудандарының ішкі істер бөлімінің бастығы, Ішкі істер департаментінің анықтау басқармасының бастығы болып абыройлы қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан. Бірнеше мемлекеттік және водомствалық наградалардың иегері.

Құқық қорғау саласында әр түрлі қызмет жасап, саналы ғұмырын еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлуетінің артуына, халқына қызмет етуге арнаған Асхат Нұрымханұлының есімі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады. Отбасына, туған туыстарына қайғырып көңіл білдіреміз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Р.Кенжебеков, Р.Әбеуов, С.Мұратұлы, С.Амралин, А.Аманжолов, Б.Әмірғасым, С.Спанов, Т.Таукеев, Ә.Қапасов, С.Сыздықов, Қ.Әзіров.

Еске алу

Адам өмірі – оның жүрген жолы, жасаған жасымен емес, атқарған еңбегімен өлшенсе керек. 1995 жылдан бастап Ақтоғай ауруханасы отбасылық амбулаториясында 20 жылдай балалар мейірбикесі болған әріптесіміз, адам жанының арашасы бола білген, мейірбикелік мамандықтың қыры мен сырын терең меңгерген, ақ халатты абзал жандардың бірі **Абзалбек Күлпаш Тілекпекқызы** өмірден озып отыр.



Біздер үшін әріптесіміздің орны ойсырап қалды. Әр кезеңнің алмағайып күндерін өз абыройына, адами биіктігіне сай өткере білу, азаматтық таным-пайымына сәйкес етіп тіршілік кешу – шын мәнінде, қажырлы да табанды кісілердің еншісіндегі қасиет. Қызығынан қиындығы басым балалар мейірбикесі бола жүріп, дәрігерлермен бірге тұрып еңбек жасап, атаналардың алғысына бөленген Күлекең тәжірбиелі, өз ісін жетік меңгерген мейірімді мейірбике еді. Сондықтан да ол өзінің өмірімен де, еңбек жолымен де өзгелерге үлгі бола білген, жаны жайсаң жан еді. Өмір заңына бағынып, қимастықпен әріптесімізді ақтық сапарға шығарып салдық. Қош бол қимас әріптесіміз Күлеке, жаныңыз жәннатта, төніңіз рахатта болсын. Сіз біздің мәңгі есіміздесіз.

Алла алды, өзі берген жандарын,

Тілейміз біз жұмақтан орын болғанын.

Алақан жайып бір Алладан сұраймыз,

Иманыңның байлығы мол болғанын.

Сағынышпен еске алушылар: әріптестері – Наташа, Айсұлу, Гүлшара, Раушан, Дарияш, Кәмшат, Биби, Шынар, Төлеу, Панар.

Еске алу

Ұлағатты ұстаз, асқар тау әке, адал жар, кішіге аға, үлкенге іні бола білген әріптесіміз **Кәрімханов Ардақ Өкенұлының** өмірден өткеніне де он жылдың жүзі болыпты.



Петропавл қаласындағы индустриалды-педагогикалық техникуммын бітіріп келіп, №14 Ақтоғай кәсіптік-техникалық училищесіне өндірістік оқыту шебері болып еңбек жолын бастады.

Өзінің барлық саналы ғұмырын білім саласына арнаған бірегей ұстаз. Ұстаздық еңбегімен қоса ұжымда қоғамдық жұмыстармен қатар, ауданның спорт саласына яғни, гир спорты, хоккей және қол күресінен аудандық, облыстық спартакиадардың бірнеше мәрте жүлдегері атанды.

Ұстаздық қызмет жасай жүріп Алматы ауылшаруашылығы институтын инженер-педагог мамандығын алды. Еңбек жолында тәрбиелеген шәкірттері облыстық мамандық байқауының жүлделі орындарын иеленді. Қажырлы еңбегі бағаланып облыстық және республикалық марапаттарға ие болды.

Анасы, бауырлары, сүйікті жары Айнұр бәрі жұмылып балаларын өсіріп жеткізді. Балаларының алды жоғары оқу орнын бітіріп үлкен азамат болып қызмет атқарып жүр.

Құрметті де, сыйлы әріптесіміз Ардақтың жарқын бейнесі мәңгі есімізде сақталады. Иманы жолдас болып, Алланың рахметінде, Пайғамбарымыздың шапағатында болсын. Әумин!

Еске алушылар: Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі ұжымы.

